

ЖОБА

2019-2021 жылдарға арналған Алға қаласының бюджетін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 және 52-1 бабы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2019-2021 жылдарға арналған Алға қаласының бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мына көлемде бекітілсін:

1) кірістер	-	200528,00 мың теңге;
оның ішінде:		
салықтық түсімдер бойынша	-	65604,00 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша	-	0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша	-	0 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша	-	134924,00 мың теңге;
2) шығындар	-	200528,00 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредит беру	-	0 мың теңге;
оның ішінде:		
бюджеттік кредиттер	-	0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу	-	0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	-	0 мың теңге;
оның ішінде:		
қаржы активтерін сатып алу	-	0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы	-	0 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру	-	0 мың теңге.

2. Аудандық бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

салықтық түсімдер бойынша:

жеке табыс салығы;

жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

жер салығы;

көлік құралдарына салық;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем;

салықтық емес түсімдер:

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін басқа да кірістер;

аудан бюджетіне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін түсімдер болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 8 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 525 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 29 698 теңге.

4. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтің субвенция көлемі 134924,00 мың теңге көлемінде болып ескерілсін.

5. 2019 жылға арналған қалалық бюджетте аудандық маңызы бар қаланың ауылдық округке мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру 31500,00 мың теңге аудандық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін;

6. 2019 жылға арналған қалалық бюджетте аудандық маңызы бар қаланың ауылдық округке мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырмасын іске асыруға 13935,00 мың теңге облыстық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін;

7. «Алға аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесіне белгіленген заң шеңберінде қамтамасыз етуге:

1) осы шешімді Ақтөбе облыстық Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

8. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
К.Ксупов

аудандық мәслихат
атшысы
Б.Жұмабаев